

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Жеке және заңды тұлғалардың депозиттері бойынша банктің активтері мен міндеттемелерінің бөлігін не толық мөлшерде басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 27 наурыздағы N 68 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 28 тамыздағы N 195 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 25 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5803 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 77 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.05.2015 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақша төлемі мен аударымы, қаржы ұйымдарының бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі, банк қызметі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 11 шілдедегі Заңына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының "Жеке және заңды тұлғалардың депозиттері бойынша банктің активтері мен міндеттемелерінің бөлігін не толық мөлшерде басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 27 наурыздағы N 68 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5660 тіркелген, 2009 жылғы 29 мамырда "Заң газеті" газетінде N 80 (1503) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қ а у л ы д а :

тақырыбындағы "Жеке және заңды тұлғалардың депозиттері бойынша" деген сөздер "Жеке және (немесе) заңды тұлғалар алдындағы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы"
Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңының 61-2-бабын іске
асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :** " ;

1-тармақтағы "Жеке және заңды тұлғалардың депозиттері бойынша" деген
сөздер "Жеке және (немесе) заңды тұлғалар алдындағы" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың депозиттері
бойынша банктің активтері мен міндеттемелерінің бөлігін не толық мөлшерде
басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүзеге
а с ы р у е р е ж е с і н д е :

тақырыбындағы "Жеке және заңды тұлғалардың депозиттері бойынша" деген
сөздер "Жеке және (немесе) заңды тұлғалар алдындағы" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

к і р і с п е д е :

", ерекшеліктерін" деген сөз алынып тасталсын;

"жеке және заңды тұлғалардың депозиттері бойынша" деген сөздер "жеке
және (немесе) заңды тұлғалар алдындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

"Жеке және заңды тұлғалардың депозиттері бойынша" деген сөздер "Жеке
және (немесе) заңды тұлғалар алдындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"депозиторлардың мүдделерін" деген сөз "банк кредиторлары мен
депозиторларының құқығын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша "жеке және" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөзбен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2) тармақшадағы "." деген тыныс белгісі ";" деген тыныс белгісімен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын;

"3) Жеке және (немесе) заңды тұлғалар алдындағы бөлігіндегі не толық
мөлшердегі банктің міндеттемелері - жеке және (немесе) заңды тұлғалардың
депозиттері бойынша банктің міндеттемелері.";

3-тармақ "жеке және" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөзбен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

4-тармақ "Жеке және" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөзбен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Операцияларды жүзеге асыру тәртібі";

5-тармақтың екінші бөлігі "Жеке және" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөзбен толықтырылсын;

8-тармақтың 3) тармақшасы "жеке және" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөзбен толықтырылсын;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Банк міндеттемелерін беру банк депозиторларының және (немесе) кредиторларының келісімімен жүзеге асырылады. Депозиторлардың және (немесе) кредиторлардың келісімін алу мақсатында, банк активтерін және міндеттемелерін бөлігінде не толық мөлшерде беру туралы хабарландыруды банк жариялайды. Хабарландыру қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында, қарсылықтарды ұсыну мерзімдерін және олар қабылданатын мекен-жайды көрсете отырып, жарияланады.

Хабарландыру жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде депозиторлардың және (немесе) кредиторлардың жазбаша келіспеушіліктерінің болмауы депозитордың және (немесе) кредитордың міндеттемелерді беруге келісімдері ретінде қаралады.

Операцияны жүзеге асыру жөніндегі хабарландыруды жариялауға байланысты шығыстар банк қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Банк операцияны жүргізу жөніндегі хабарландыруды уәкілетті органмен оны келісілгенде жариялайды.";

1 2 - т а р м а қ т а :

"депозиторлардың" деген сөзден кейін "және (немесе) кредиторлардың" деген сөздермен толықтырылсын;

"депозиттерін" деген сөз "міндеттемелерін" деген сөзбен ауыстырылсын;

14-тармақтың бірінші бөлігі "Жеке және" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөзбен толықтырылсын;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Осы Ереженің 11-тармағында көзделген шығыстарды қоспағанда, операцияны жүргізумен байланысты шығыстар иеленуші (-лер) банктің (-тердің) қаражаты есебінен жүзеге асырылады.".

2. Осы қаулы бірінші рет ресми жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Банктерді қадағалау департаменті (М.С. Бөбеев):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастан он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жеткізсін.

4. Агенттік Төрайымының Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға а л с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары Қ.Б. Қожахметовке жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова